



Жалағаш



№43 (9930)

30 мамыр
сейсенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Жаршысы

Үкімет

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Инвестициялық штаб отырысын өткізді, онда негізгі капиталға инвестициялар және тікелей шетелдік инвестициялар тарту барысы қаралды.

280-нен астам жобаны іске қосу жоспарда бар

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, биыл қаңтар-сәуір айларында НКИ-дың жалпы көлемі 3,8 трлн теңгеге құрады, бұл 2022 жылдың сәуірінен салыстырғанда 18 пайызға артық. Қаңтар-сәуір айларында жалпы республикалық нысаналы индикатор қалыптасқан. 20 өңірдің 12-сі жоспарын орындаған, тіпті кейбірі асыра орындапты. Олардың қатарында Түркістан, Қызылорда, Қарағанды, Маңғыстау, Ақмола облыстары бар. Орталық мемлекеттік органдар арасында Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім, Сауда және интеграция, Ауыл шаруашылығы, Экология және табиғи ресурстар министрліктері белгіленген көрсеткіштерді асыра орындаған.

Премьер-Министр 4 айдың қорытындысы бойынша облыстар мен орталық мемлекеттік органдардың дені НКИ бойынша көрсеткіштерді қамтамасыз еткені, алайда 8 өңірдің нысаналы индикаторларға қол жеткізе алмағанын айтты. Аутсайдерлер – Ұлытау, Абай, Жамбыл облыстары. – Ұлытау, Жамбыл облыстары өткен жылы да жоспарды орындамаған. Аталған облыстардың өкімдері бұған дейін Инвестициялық штаб отырысында жағдайды биыл түзейміз деп үде берген. Бірақ көріп отырғанымыздай, бұл өңірлер барлық облыстың ішінде ең соңғы орындарда қалып отыр, – деді Әлихан Смайылов.

Қабылданып жатқан шаралар туралы Абай облысының әкімі Нурлан Ұражаев, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, Жамбыл облысының әкімі Нұржан Нұржігітов, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев және Ұлытау облысы әкімінің орынбасары Ұлантай Үсенов баяндама жасады. Үкімет басшысы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша инвестицияларға жауапты лауазымды тұлғаларға қатысты тиісті шаралар қабылданатынын айтты. Әлихан Смайылов Мәдениет және спорт, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің НКИ бойынша жұмыс қарқыны өте баяу екенін айтты, IT саласындағы жобалар санын ұлғайту, туризм саласына инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты күшейту қажеттігін жеткізді. Аталған мәселелер бойынша мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов пен цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асқар Жамбакиннің есептері тыңдалды.

Премьер-Министр биыл Үкімет алдында НКИ деңгейін 18,5 трлн теңгеге жеткізу міндеті тұрғанын айтты. Осыған байланысты өңірлер мен ведомстволар кемшіліктерді ескере отырып, негізгі капиталға инвестициялар тарту жұмыстарын күшейтуі қажет.

Жиында тікелей шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі өткен жылғы жұмыс қорытындылары қаралды. Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаровтың айтуынша, былтыр НКИ көрсеткіші \$28 млрд құраған, бұл – соңғы 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш. Экономиканың негізгі салаларында жалпы құны 2,3 трлн теңге болатын 199 инвестициялық жоба пайдалануға берілді. 2023 жылы 1,9 трлн теңгеге тағы 281 жобаны іске қосу жоспарда бар.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша инвесторлардың үздік ондығына Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Бельгия, Ресей, Оңтүстік Корея, Қытай, Франция, Ұлыбритания және Германия елдері кірді. Ә.Смайылов Мемлекет басшысы Үкімет алдына 2029 жылға дейін \$150 млрд ТШИ тарту міндетін қойғанын атап өтті.

Қатысушылар шетелдік инвесторлардың қатысуымен орындалатын ірі жобалар бойынша проблемалық мәселелерді қарады. Тапқылау қорытындысы бойынша Әлихан Смайылов жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға оларды шешу бойынша тұлғегейлі шаралар қабылдауды тапсырды.

Ерлан АНУАРУЛЫ

Нәубет жылдар

Тарихтың ақтаңдақ беттері

31 мамыр – тарихтың ең қайғылы беттерінің бірі жаппай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстан аумағында құрылған лагерлерге 5 млн-дан астам адам жіберілді. Бүгінде дәл осы күні біз ұжымдастыру жылдарында аштыққа ұшырағандарды, сондай-ақ туған жерінен кетуге мәжбүр болғандарды да еске аламыз. Сол жылдардағы орасан зор адам шығыны мен тағдыр тауқыметі әрбір азаматтың жүрегіне жара салғаны да жасырын емес.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Кешегі кеңестік тоталитаризмнің зұлым саясаты мен зұлмат әрекеті ешбір елді тандап, ешбір адамды талғаған жоқ. 1920-1950 жылдары Кеңес одағында миллиондаған адам саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақтың қаншама қабырғалы тұлғалары сол солақай саясаттың құрбанына айналды. Қазақ даласында орын алған ашаршылық, нәубет жылдары халқымызды кедей қырып кетті.

Жалпы, ақпаратқа сүйенер болсақ, ашаршылық қазақ даласында 1929 жылы бірінші рет болып, кейін 1932 жылы қайталанған. Бірінші ашаршылықта бірнеше миллион халық қырылды, екіншісінде одан да көп халық аштықтан көз жұмған еді. Ал індеттен аман қалғандары тау кезіп, шекара асып, босып, тозып кетті. Сол кезеңде қазақ жеріне тұтас халықтар жер аударылды.

XX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанға миллиондаған адам күшпен көшірілді. Олардың қатарында корейлер, финдер, немістер, поляктар, күрдтер мен қарашайлар, месхеттік түріктер, кавказдықтар және басқа да көптеген ұлыстар бар. Үздіксіз жалғасқан саяси науқандар мен қуғын-сүргіннен есің жия алмай жатқанына қарамастан қазақ халқы тағдырының талкеіне түскен барша ұлысты бауырына басты. Кеңестік биліктің перменімен қазақ жеріне қоныс аударған сол этнос өкілдерінің барлығы бүгінде біздің бауырларымызға, отандастарымызға айналды.

Тоталитаризмнен зардап шеккен көптеген ұлт өкілдері үшін қазақ жері құтты мекенге айналды бүгінде. Ата-бабаларымыздан дарыған қайсарлық пен төзімділіктің арқасында қатаң сыннан абыроймен өтіп, біртұтас ұлт ретінде бірігуге мүмкіндік алдық. Жалған халық жауларымен күрес



«Қарлағ», «Степпаг», «Алжир» концлагерлерінің құрылуына жағдай жасады. Көптеген аудан тікен сымдармен қоршалып, ол сақайдай сай қаруланған әскермен күзетілді. Сол кезеңдерде азаматтарды ұлтшылдық және ұлтшыл ұйымдар құру арқылы республиканы Кеңес одағының құрамынан бөліп алуға тырысты деген айыптау кең қолданылды.

Көптеген адам террорлық әрекеттер, диверсия, саботаждарды жүзеге асыруға дайындық жасағаны, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қалыпты жұмыс істеуіне қарсы экономикалық контрреволюциялық әрекеттер ұйымдастырғаны үшін деп негізсіз қуғын-сүргінге ұшырады. 50-ші жылдардың ортасында лагерлерде қамалған жазықсыз адамдарға қатысты үкімдерді қайта қарау мен оларды жою жөніндегі процесс басталды. Қаза таққандар мен атылғандар ақталып, түрмедегі еріксіздер бостандыққа шығарылды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын жаппай ақтау 1920-1950 жылдары аралығында Кеңес мемлекеті жүргізген қуғындау, жазалау саясаты асқан қаталдық, шектен шыққан зұлымдық тәсілмен жүргізілгенін дәлелдейді.

Қуғын-сүргін кезінде көптеген адам атылды. Жазықсыз жазаланғандардың қатарында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, М.Дулатұлы, Т.Рыскулов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Асфендияров сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары болды.

Сонымен бірге 1930 жылы орын алған Қарақұм көтерілісі Кеңестер елінде болған қарулы көтерілістердің ең ірілерінің бірі болды. Қарақұм көтерілісі өзінің сипаты жағынан кеңестік өміршілдік жүйеге қарсы бағытталған әділетті бас көтеру болып табылады. Ол Қазақстан тарихына Кеңес үкіметінің күштел ұжымдастыру, көмпескелеу саясатына қарсы бағытталған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бір бөлігі ретінде өніп, ұрпақтарының есінде еш ұмытылмақ емес.

Қазақ елінде болып өткен қасіреттің бәрі де біздің Жалағаш ауданынан айналып өткен жоқ. Ата-бабаларымыз қайғыға душар болды, ел 100-ге жуық әр-азаматынан айырылды. 1938-1944 жылдары аралығында коммунистік режим Жалағаш ауданына көріс, Еділ бойының немістері, грек, молдаван,

шешен, ингуш секілді мыңдаған өзге ұлт өкілі жер аударды. Мұрағаттық деректерге сүйенсек, 1937-1938 жылдары ауданға Қыр Шығыстан үш мыңнан аса көріс, 1944 жылы Жалағаш станциясына Кавказдан төрт мыңға жуық адам күштеп жер аударылып, қоныстандырылған. Бұл ағайындар Жалағаш жерінен өздерінің екінші Отанын тапты. Достық құшағымызды аштық. Тағдырдың басқа салғанын бірлесіп көрдік.

Жалпы, қазақ даласында азаттық үшін талай көтеріліс, шапқыншылықтардың орын алғанына тарих куә. Ал сол нәубетті бастан кешіп, қазақ даласының ұлтарақтай жерің қасиетті топырағын жау табанына бастырмай, қорғап қалған ата-бабаларымыз ерлігі – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Ал осыншама қиындықты өңсере білген еліміздің еңсесін тіктеген асқақ рухы – өзгеге өнеге. Тарихтың таразысында тең түскен қазақтың қанымен бірге жаралған осы ер намыс пен ұлттық рух бүгінге дейін талай тұтырған көрінуімізде, белестердің сан саласын бағындыруда тегіздәп айқындап тұрды. Өйткені қазақ қашан да еркіндік үшін жаралған халық.

Тарих

Қуғын-сүргін құрбандары ешқашан ұмытылмайды



САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ АЯСЫНДА РЕДАКЦИЯ ҰЖЫМЫ ОСПАН ЖАНҰЗАҚ АҚСАҚАЛДЫҢ ШАҢЫРАҒЫНА БАРДЫҚ, ОСПАН АТАНЫҢ АТА-БАБАЛАРЫ ЗАМАНЫНДА КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ СОЛАҚАЙ САЯСАТЫНА ҚАРСЫ ШЫҒЫП, ӘДІЛДІК ІЗДЕУ ЖОЛЫНДА ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН.

Жандос ЖАЗКЕН

– Нұрлыбай деген кісіден 5 бала болады. Мен – сол 5 баланың біреуінен тараған ұрпақпын. Біздің аталарымыз кедейшілік пен ашаршылық заманды басынан өткерген. 1930 жылдары Кеңес билігінің озбырлық саясатына шыдамаған халық Қарақұмды паналайды. Дегенмен халыққа түрлі салық салынып, өсіресе егін егіп көрмеген малшылардан астық талап ету шектен шықты. Зорлықтан құтылу мақсатында қазақтар қолындағы малын дөңді-дақылға айырбастап, салық төледі. Езіден әбден ашыққан халық бас көтеріп, солақай саясатқа қарсы шығады. Көтерілістен қаншама адам жала шегеді. Содан жазалау жасағы Қарақұмды паналап жүрген қазақтардан тазалау операциясын жүргізіп, құмдағы ауылдарды Сыр бойына күштеп көшіреді. Бірақ бір-қатар көтерілісші сай-сайды паналап, жасырынып қалды. Олардың кейбіреуі 1940-1950 жылдарға дейін Қарақұм мен Қызылқұмда жасырын тиішілік етті. Әлментай, Әлментай деген аталарымыздың ұрпақтары сол зұлмат кезді басынан өткерді. Сол тұста бала-шағасын отбасын Қараөзектің бойына көшіріп, өздері Қарақұмға бас сауғалап, әбден азап шегеді. Сөйтіп 1947 жылға дейін, яғни 17 жыл бойы қашып, қуғында жүреді. Жазалаушы қызыл әскер жасақтары Қарақұмды жан-жақтан қыспаққа

алып, ұсталғандарды атып, айдауға салып, еріксіз жұмысқа жегеді. Шекарадан асқандары Өзбекстанға бас сауғалайды, – деп Оспан ақсақал сол заманнан естіген естеліктерінен қысқаша айтып берді.

– Хан болды өмір етіп Жұмағазы, Құдайға тәкір-зікір айтқан назы. Тіптеңс дін қарындас мұсылман деп, Тіпті ханның жазған бір қағазы. Шартына шарифаттың тура келді, Естіген бұл жұмысты тура халқы. Шемекей, Алтың Жаппас, көштік Табың Қыпшақ та көтерілді естіп даңқы. Халайық, Қарақұмға келдік тегіс, Жаудан да хабар бар еміс-еміс, – деген Қарақұм көтерілісінің рухани жетекшілерінің бірі, ақын Тәуекел Боранбайұлының жыр шумақтарынан сол заманның қасіретін сезінуге болады.

Иә, Кеңес өкіметі орнағаннан-ақ қазақтар өртүрлі қысымға ұшырады. Яғни Кеңес билігі өз азаматтарын туған елінен бездіріп, сол кездері қазақтардың негізгі күнкөріс көзі болған төрт түлік малын тартып алып, бала-шағасымен қоса қаңғыртып жіберді. Тәркілеу науқаны аяқталған соң да бай ұрпақтарын қудалауды жалғастыра берген. Осылайша бұл науқан қазақ даласындағы дестүрлі мал шаруашылығын қиыртатуға өкеліп, соның салдарынан байларды айтыпағанның өзінде кедейлердің тұрмыс

жағдайы одан бетер қиындап кетті. Сөйтіп 1928 жылы басталған тәркілеу, ұжымдастырудың соңы халық наразылығын тудырып, жұртшылықтың көтерілісіне ұласады. Кеңес өкіметіне қарсы шығып, наразылық білдіргендер жаппай ұсталып, бірі атылса, бірі жер аударылып, қамауға алынады. Шаш ал десе, бас алатын шопақбелсенділердің заманы туып, жаппай жазалау шаралары жағдайды мүлдем шиеленістіріп жібереді.

Иә, Кеңес билігінің мәселені бейбіт жолмен емес, әскери соққы беру арқылы шешім қабылдағанын архивтік деректер айғақтауда. Мысалы, Оспан ата айтып отырған кейіпкерлер мен сол заманғы қасіретті оқиғалар тарихы Ахмет Тілеулиевтің «Қарақұм» атты кітабына толықтай түсірілген.

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Өткен ғасырдың басынан елуінші жылдарына дейін созылған түрлі саяси науқандар, зұлмат-сүргіндердің ашы зардабын барша Кеңес халқы татты дегенімізбен, дәл қазақ халқы сияқты рухани, демографиялық апатқа, орны толмас қасіретке ұшыраған бірде бір ұлт жоғы рас.

Иә, ата-бабаларымыздың қазақ деген ұлтты сақтап қалуға басынан өткерген қасіретті жылдардың тарихын еске алуға ешқашан естен

шығармауға тиіс. Осы орайда аудан көлемінде саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алуға арналған кешенді іс-шаралар ұйымдастырылуда. Тоқсанды алқымызда Оспан ақсақал да мұндай тағылымды шараларға белсене қатысып, басы-қасында жүреді екен.

Мәселен, 2014 жылы аудандық ардагерлер ұйымының бастамасымен «Қарақұм көтерілісінің ізімен» атты экспедиция ұйымдастырылып, экспедиция көтеріліс болған жерлерді аралайды. Сол экспедицияның басы-аяғында Оспан ата да болады. Экспедиция нәтижесінде сол заманда Қарақұмдағы бақылау бекеті қызметін атқарған төбеге «Әлментай шоқысы» деген ат беріліп, басына белгі-ескертіш қойылады. Қарақұм көтерілісінің бас мергені Әлментайдың атымен аталған. Жылда аудан азаматтары, оқушылар, жастар осы төбеге барып, Қарақұм көтерілісі болған жермен танысып, құрбан болған ата-бабаларымыздың рухына құран бағыштайды.

Осылайша біз Оспан ақсақалдың солақай саясаттың құрбаны болған ата-бабаларымыздың тарихы жайлы өзекті өңірісін тыңдап қайтық. Иә, онында естімес бір осындай ақсақал-дарымыздың өңімісі мен тағылымы ескелең ұрпаққа қашанда қажет екені сөзсіз.

Ауыл тынысы

Бірлігі бекем, тірлігі тиянақты

Таң атысымен редакцияның тілшілер тобы Мақпалкөл ауылдық округіне жолға шықты. Мақсат – ауыл тынысымен танысу. Мемлекет басшысының кешегі сайлаудан кейін алғаш қол қойған Жарлықтарының бірі ауылдық елді мекендерді дамыту, ондағы халықтың әлеуметтік жағдайын, өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған еді. Бұл ретте ауданға қарасты елді мекендерде нендей жобалар қолға алынуда? Ауылдарға жасап жатқан сапарымызға басты себеп те осы сауалдың түйінін тарқату еді.

Бұған дейін Мырзабай ахун, Жаңадария ауылдарында болғанбыз, қазір егіс басындағы еңбектің нағыз қызған шағы. Жаңадария жұрты биыл бақшалық дақылдарға басымдық берген. Ал Мырзабай ахун ауылында жергілікті тұрғындар кәсіпке машықтанып алған. Ауылдағы ағайын тек бір ғана айлыққа қарап отыруды күл көрмейді. Жергілікті өкімдік те іс бастаймын деген азаматтарды қолдауға басымдық беріп отыр. Бүгін жолымыз түсіп отырған Мақпалкөл ауылдық округінде де биылғы жылдың өңірінде біршама жоба бар екен, бастысы, ел игілігін көрсет болғаны.

жұмысын жүргізе, бүгінде ауылда сала түрленген. Қазірдің өзінде Мақпалкөл ауылдық округінде шаштараз, компьютерлік орталықтар халыққа сапалы қызмет етуде. Енді бұл азаматтар кәсібін кеңейтуге басымдық береді. Демек егін және мал шаруашылығы саласынан өзге де кәсіпорындар өніміне ауылда сұраныс бар деген сөз. Болмаса олар мұндай қадамға бармас еді, – дейді Бауыржан Тұңғышбаев.

Темірбек Жүргенов ауылында бүгінде 90-ға жуық кәсіпорын бар. Тір-келген кәсіпкерлік субъектісінің қазіргі таңда 99 пайызы жұмыс жасап тұр.

Мақпалкөлдіктер мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалануда

Жалпы, жергілікті тұрғындар кәсіп ашуда мемлекет жасап жатқан барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланып отыр. Кәсіпкерлік саласына серпін беруге бағытталған қандай бағдарлама бар, басым бөлігіне ауыл тұрғындары құжат тапсырып, кәсібін ширатып отыр. Биылдың өзінде мақпалкөлдік екі азамат грантка құжат тапсырып, қайтарымсыз қаржыға ие болыпты. Олардың ерқайсысына 1 млн 380 мың теңгеден қаражат үлестірілген. Жобасы қаржылай қолдауға ие болған Мәдет Қызбалаев пен Руслан Ермаханов 8 бас жылқы алып, бүгінде кәсібін бастап кеткен.

– Ауылда жем-шөптен мәселе жоқ, сондықтан мал шаруашылығында бақ сынауды жөн көрдім. Кешегі комиссия отырысында жобам қаржылай қолдауға ие болды. Тиісті қаражатқа 4 бас жылқы алдым. Алдымен олардың санында өсім қалыптастырмас деймін, кейін ет және сүт бағытында тұтынушыларыма өнімдер ұсынуды қолға аламын. Алдағы уақытта пайыздық үстемалығы төмен несие алып, өлі де мал басын көбейту жоспарда бар. Әсіресе ауылдық елді мекендерде саланың серпін алғаны тиімді ғой, бір жағынан өңірдің кірісі артса, келесі кезекте тұрғындардың тұрмыс сапасы жақсарды. Сондықтан жалақыға қарап отыруға болмайды. Мемлекет мүмкіндік қарастырғанда оны құр жібер-

Бұрын елді мекенде тек егін және мал шаруашылығында жергілікті тұрғындар кәсібін дөңгелентсе, бүгінде ауыл өкімі айтқандай, елді мекенде сала түрленген.

Биылтыр екі ауыл тұрғыны кәсіп бастауды қолға алады. Алайда оларға шаруасын ширатуға қолдағы азаматты қаражат қолбайлау болыпты. Осылайша екеуі де мемлекеттік грантка өтінім тапсырып, оны қорғауға бел буған. Нәтижесінде комиссия мүшелері мақпалкөлдіктердің қос жобасын қаржылай қолдауға лайық деп тапқан. Қазіргі таңда екеуі де ауыл халқына сапалы қызмет етуде. Оның бірі Гүлша Мырзалиеваның шаштаразы болса, келесісі – Гүлжан Текештің компьютер орталығы.

Гүлжан мен Гүлша – ауылдық елді мекендерде егін және мал шаруашылығы саласынан өзге де кәсіпорындар өніміне сұраныс жоғары екенін жұмысымен дәлелдеген кәсіпкерлер. Кешегі сапарымызда олардың жұмысымен да арнайы таныстық. Тіпті Гүлжан Текеш алдағы уақытта кәсіпорының көкжиегін кеңейтуді көздеп отыр. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде пайыздық үстемалығы төмен несиеге қол жеткізе, алға қойған мақсаттары жүзеге



Әріптесім Жандос Жазкен мен Ақтоты Бүркітбайды ауылдағы білім ошағынан қалдырып, өзім жергілікті өкімдікке жол тарттым. Ауыл өкімі Бауыржан Тұңғышбаев Жалағашқа жолға шыққалы тұр екен, екеуара жасалған диалогтың желісін үзіп келмеді ме, әйтеуір сапарын кейінге қалдырды. Мұнан кейін Баукеңмен Мақпалкөлде жүзеге асатын жұмыстар төңірегінде сөйлесіп, бірнеше жобаның бүгінгі жұмысымен таныстық.

Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы ауылда 314 отбасы бар. 1800-ден астам халық мекен еткен елді мекеннің алдағы уақытта екінші тынысы ашылатындай. Биылтыр да елді мекеннің еңсесін тіктейтін өкімдік жобалар бұл ауылда жүзеге асқан еді. Қуантарлығы, биылғы жылдың өңірінде де игі бастамалар көп екен. Иә, жергілікті халықтың негізгі тіршілік көзі егін және мал шаруашылығына тәуелді. Бұған дейін Сыр салысынан мол астық жиған жергілікті шаруашылықтар былтырдан бері бақша өнімдеріне басымдық беріп жатыр. Мұнан бөлек бірнеше гектарды құрайтын ауылдағы алма-бақ өнімдері бүгінде өзіміз бойынша үлкен сұранысқа ие.

Жалпы, Мақпалкөлде халық санына шаққанда жұмыссыздық деңгейі 2,4 пайызды құрайды. Оның деңгейін төмендету үшін ауыл өкімі барын салып жүр. Мейлінше кәсіп бастаймын деген жерлестерін сүйемелдеумен келеді. Олар қайткен күнде мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көреді, пайыздық үстемалығы төмен несиеге қалай қол жеткізеді? Осы сауалдардың түйінін тарқатуға Баукең бар уақытын арнаған. Нәтиже де жоқ емес.

– Ауылда кәсіпке бет бұрған азаматтар жетерлік. Бұл бір жағынан елді мекеннің еңсесін тіктеуге үлкен қолғабыс болып отыр. Бұрын іс бастаған азаматтардың барлығы егін және мал шаруашылығы саласында асатынына сенеді.

мәй кәсіп ашу керек, – дейді Мәдет Қызбалаев.

Мұнан бөлек Мақпалкөлден тағы да 4 азамат мемлекеттік грантка жобасын дайындап қойыпты. Олардың да жобалары қолдау тапса, бұл аталған сала дамыған ауылда өлі де жұмыстың ширауына қолғабыс болары сөзсіз.

Биыл тағы 3 азамат мемлекеттік бағдарлама шеңберінде кәсіп бастауға құжаттар тапсырған. Барлығы да мал шаруашылығын дамытуға негізделген. Нәтижесінде оларға жалпы құны 14 млн теңгеге жуық қаражат үлестірілген.

«Аграрлық несие корпорациясы» арқылы қаржылай қолдауға ие болғандар қатарында мақпалкөлдік Қайыр Тоғызбаев та бар. Ол елді мекенде жылқы шаруашылығын дамытуды мақсат еткен. Жобасы қаржылай қолдауға лайық деп табылған ауыл тұрғыны 7 млн 500 мың теңге пайыздық үстемалығы төмен несиеге ие болыпты. Оның да бұл кәсіпті қолға алудағы мақсаты сол жем-шөптен мәселе жоқ және жылқы етіне нарықта сұраныс жоғары.

4 млн теңге қаржылай қолдау тапқан Назарбай Жаметов те ауылда жылқы шаруашылығын қолға алған. Ал Жандос Ибраев 1 млн 750 мың теңгеге ірі қара сатып алып, бүгінде оның басын көбейтуге басымдық берген.

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығы, қайраткердің мерейтойы бүгінде түркі тілдес мемлекеттер арасында кең көлемде аталып өтілуде. Туған жерінде де мерейтой иесінің 125 жылдығына орай бірнеше жоба



қолға алынған. Солардың бірі – Темірбек Жүргенов атындағы саябақ. Бұл жобаға қазынадан 60 млн 444,9 млн теңге қаралған.

– Қазірдің өзінде тұрғындар мұнда талдар мен жеміс ағаштарын отырғызып жатыр. Саябақ құрылысы да қарқынды жүруде. Жергілікті тұрғындардың бұл жерді жасыл желпекке айналдырудағы үлшынысын баба рухына тағзым, бір жағынан құрмет деп түсінемін. Қайраткер атындағы ауылда мұнан өзге де жобалар жоқ емес. Бастысы, алдағы уақытта ел игілігін көрсетейміз. Ауылда қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атында кеше де бар. Ұзындығы 1,1 шақырымды құрайтын іші көшеге бүгінде жай жөндеу жұмыстары жүруде. Оған қазынадан 15 млн 229 мың теңге қаралған. Темірбек Жүргенов ауылында бұған дейін қоғам қайраткері атында кеше болса, енді саябақ ашылғалы тұр, – дейді ауыл өкімі.

Әрине жалынды жастың бұл жеңісі талай өренге қанат бітірері анық. Туған жері Темірбек Жүргеновтегі ауылдастары чемпионды зор құрметпен ыстық ықыласпен қарсы алып, дүбірлеген той жасап, елін сүйген саңлақтың жеңісін сүйіншілеп, оған үлкен қошемет көрсетті.

Ауылдағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығы текті ұлға бір миллион теңге сыйақы берді. Шаруа қожалық өз құттықтауларына мынадай сөздер жазыпты. «Әлемге ауылдың атын Темірбектен кейін екінші Теміржан танытты. Қуаныш ортақ, жеңіс ортақ, абырой ортақ, ағайын! Теміржанның осындай жеңісіне «Ер-Әлі» шаруашылығы де-меушілік есебінен бір миллион теңге сыйақы беруді ұйғарды» делінген.

Бұл мәрт қазақтың кең даладай дарқандығы деп таныдық. Ауыл халқы тұлпарда мингізіпті. Қалай десек те елдің даңқын шығарған азаматқа көрсеткен бұл құрмет өте қарасымды.

– Бұл қуаныш – менің ғана емес бүкіл елдің қуанышы. Әрине жеңіс адамның ұсынына оңайлықпен түспейді. Оған тынымсыз жаттығу, ұзақ еңбек, тер төгу керек. Менің өліме, жеріме деген құрметім осы қол жеткізген жеңісіммен сабақтас. Осы орайда жарысқа дайындаған жаттықтырушымыз, Қызылорда қаласындағы қазақ күресінен жасөспірімдердің аға жаттықтырушысы Берік Қасымбековке, алғашқы жаттықтырушымыз Әнуар Тәжмахановқа айтар алғысым шексіз. Менің ауылдастарым бүкіл тайлы-туяғы қалмай жиналып, күтіп алды. Ауыл жастары Қорқыт ата әуежайынан күтіп алды. Күллі мені қолдаған жанашырларыма шын жүректен алғыс білдіремін. Жеңісті күндер көп болмай, – дейді мақпалкөлдік чемпион Теміржан Руслан.

Айта кетейік, Теміржан Руслан 2002 жылы 27 қарашада Т.Жүргенов ауылында өмірге келген. Ол – «Жас бауыр» республикалық турнирінің 3 дүркін, Қазақ күресінен ҚР чемпионатының 3 дүркін жеңімпазы. Белбеу күресінен ҚР чемпионатының 3 дүркін жүлдегері. Қазақ күресінен 60 кг салмақ дәрежесінде рейтингте 1 нөмірлі спортшы.

Шаруашылықтар егінді өртарпаптандыруда

Ауылда қай саланы алып қарасақ та өрлеу бар, өсу бар, даму динамикасы жақсы. Әсіресе жергілікті шаруашылықтар мол астықтан тау тұрғызып, жыл сайын рекордтық өнімге қол жеткізуде. Олар бүгінде егінді өртарпаптандыруға басымдық бере бастаған. Аяқ су мәселесі қат

болып тұрған шақта бұл бастамасы ақылға қонымды дүние.

Мақпалкөлде 1 серіктестік 10 шаруа қожалық егін шаруашылығымен айналысады. Олар бүгінде 4021 гектар жерге егін егіп отыр. Оның 1 896 гектарына Сырдың басты дақылды күріш себілген. Мұнан бөлек 1 135 гектар ескі жоңышқа күтімге алынып, 492 гектар жаңа жоңышқа егілген. Шаруашылықтар биыл 84 гектар алпаққа жаздық бидай және 414 гектарға мақсарып дақылдан сеуіпті.

Егінді өртарпаптандыру бағытында былтыр жергілікті «Ер-Әлі» шаруа қожалығы бірнеше гектарға картоп, қызылша, сәбіз еккен еді. Төрағасы Әліби Бекжанов одан алған өнімді апта сайын жәрмеңке ұйымдастырып, аудан және аймақ жұртына арзан бағада ұсынған болатын.

Жалпы, атпал азаматтың өлім деп қолға алған жобаларының игілігін бүгінде ауыл халқы көріп отыр. Бұған дейін ауылда жалпы құны 15 млн теңгеден асатын балалар ойын алушынын салып берген еді. Қазір ауыл балаларын іздесеңіз, сол жерден табыласыз. Мұнан бөлек ауылдағы бірнеше отбасына үй салып берді. Ауылдағы алтын ұяда білім алып жатқан жастардың ішінде озат оқушыларға шәкіртқа төлейді. Тізе берсек, Әліби Бекжановтың ауылға жасап жатқан жобаларын жазуға көп уақыт кетеді. Бастысы, оның барлығы бүгінде елдің игілігіне жарап тұр.

Биыл «Ер-Әлі» шаруа қожалығы тамшылатып суару арқылы 12 гектарға бақша дақылдарын орналастырыпты. Оның ішінде 7,5 гектарына картоп егілсе, 2,6 гектар жерге қауын-қарбыз, 1,9 гектар алпаққа сәбіз егілуде. Биыл да жергілікті шаруашылық алажаздай баптаған сапалы өнім нарыққа шығады.

Ауылда мал шаруашылығы да қарқынды дамыған. Бүгінде Мақпалкөлдегі мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерде 545 бас мүйізді ірі қара, 206 бас жылқы мен мүйізді ірі қара, 512 бас жылқы, 4 114 бас уақ мал мен 40 бас түйе бар екен.

Жалпы, ауыл халқы қай істе де ауызбіршілікті, ынтымақты ту етеді. Біз айтып отырған жобалардың сәтті жүзеге асуына да басты себеп осы ма дедік. Шаруасын шираған ауылда бөреке бар, тындырмалы іс бар, бірлігі болса да мығым. Бак осындай елге қонатынын бұрынғылар да айтып кеткен ғой, ал біз соған бүгінгі сапарда көз жеткіздік.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ





Ақпан батыр атына көше берілді

Сырдың бойында қыс қатты болып, ел іші жұтқа ұшыраған екен бір кездері. Қыстың қатты болғаны сонша, қақаған аяз әр отбасын ақадал малынан айырыпты. Сол кезеңдерде қарапайым қараша үйде бір сәби дүниеге келеді. Ата-анасы төрт түлігінен айрылса да, шаңырақтарындағы осы қуанышқа ерекше қуанған екен. Бұл Байболатұлы Жұмырдың шаңырағы еді. Жұтап отырған Жұмыр қытымыр қыстың ең адуынды айы ақпанда дүниеге келген ұлына азан шақырып, Ақпан деп ат қойыпты.

Атағы атадан асып туған батыр ер жете келе өз ортасынан дараланып, айбарымен, ақылмен, орнықты мінезімен көзге түсіп, елдік мәселені шешуге ерте араласады. Қазақ даласындағы талай қанды шайқаста қол бастап, қаһарымен жаудың құтын қашырып, жер жастандырған да еді. Жұмырдан тараған ұрпақтың ішіндегі батырлығымен, билігімен аты шыққан Ақпан батыр өз заманында Сырдың төменгі ағысындағы Қуаның бойын жөнө батысқа қарай Ырғыз, Шалқар өңірлерін жайлаған.

Ақпан батыр Жұмырұлы XVIII ғасыр басында өмір сүрген. Әз Тәуке ханның тұсында ерлігімен дара ол ханның қол бастаған ең сенімді батырларының бірі болған. Бүгінде қазақ даласының батырын тек ұрпақтары ғана емес, түгел Сыр жұрты құрмет тұтады. Кешегі аудандағы бір көшенің Ақпан батыр атына берілуі осы сөзсізді қуаттайды. Аудан басшылығы, ақсақалдар мен тұрғындар қу болған салтанатты шара тарихта өшпес із қалдырған батыр ерлігін тағы бір еске салды. Аудан әкімі Аскарбек Есжанов Жалағаш көптің Ақпан батыр Жұмырұлының атындағы көшенің ашылу салтанатына қатысты. – Негізгі қазақ даласында қалмақ, жоңғар шапқыншылықтарына қарсы

елім деп атқан қонып, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен жер қорғаған батырларымыз көп. Біздің бүгінгідей тәуелсіз, азат, бейбіт күн кешуімізде осы батыр бабаларымыздың ерлігі, қайсарлығы, ер намысы, асқақ рухы жатыр. Қазақ даласына иелік өткен әр ханның тұсында өмір сүрген батыр-баһадүрлердің әрқайсысы өз заманында батырлығымен, ел ісінде көрегендігімен көзге түсті. Солардың бірі, өз заманының қол бастаған қас батыры, Ақпан батыр Жұмырұлы XVIII ғасырдың орта шенінде Сырдың төменгі ағысында, қазіргі Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылында ғұмыр кешкен. Қалмақ, жоңғар шапқыншылығы кезінде атқа қонып, елді, жерді жаудан қорғаған қайраткер тұлға. Әз-Тәукең тұсында қазақ даласын жаудан азат ету үшін болған соғыстардың барлығына дерлік қатысып, жанқиярлық ерлігімен елінің төңірегінде, ұрпақтарының жадында қалған қазақ батыры. Талай қанды шайқаста, жорықтарда жаудың мәселін қайтарған ерлігін, көзсіз батырлығын да тарихтан білеміз.

Сондай-ақ батыр баба есімінің аудан орталығындағы бір көшеге берілуі – өткенді құрметтеудің бір парасы, иілікті де сауапты істеріңіз кейінгі есіп келе жатқан ұрпаққа үлгі болып, елді, туған жерді осы батыр бабасындай қорғайтын

болсын, – деген өңір басшысы батырдың өткен жолын зерттелеп, құрметтеп, кейінгі ұрпаққа насихаттау үлкен игілікті іс екенін, осы ретте Ақпан батыр Жұмырұлы жайлы деректерді жинақтап, кітап шығарған батырдың ұрпағы Өтеген Нұғманұлына алғыс білдірді.

Батыр баба атына берілген көшенің ашылу салтанатында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Алияев те Ақпан батырдың ерлік істерін тілге тиеп, қазақ хандығының бірнеше ғасырлық тарихында қазақ халқының тағдыры шешілер кезінде ұлт батырларының алар орны ерекше болғанын атап өтті.

Жалпы, Ақпан батыр Тәуке ханның сенімді батырларының бірі әрі Ер Сөйітпенбетпен тұстас өмір сүрген, тіпті жақын жолдас болған деген деректер бар. Ақпан әр жорыққа аттанарда Ер Сөйітпенбетке арнайы барып, батасын алуды, соғыстан оралған соң оқиғаларды баяндап, әңгімелесуді есінен шығармаған көрінеді. Бірде Ақпан батыр бастаған қалың қол қалмақтарға кезігіп, аяқасты қырып шайқас басталып кетеді. Ұзаққа созылған айкаста қанда жанның өмірі қиылып, дала қызыл қанға бөгеді. Екі жақтың да біраз әскері жер жастанады. Содан соң сол кезеңдегі соғыстың ережесіне сүйеніп, екі жақтан бір адамнан жекпе

жекпе шығатын болады. Сонда қазақ әскерінен тұрқы есік пен төрдей ақбоз атты, басына шашақты дұлыға, үстіне көбелі кезе сауыт киген, арпандай атылып, арыстандай ақырып біреу шығады. Бұл Ақпан батыр екен. Қалмақ жақтан шыққан батырдың да оңай емес екені айтылады тарихи деректерде. Сол жекпе-жекте жеңіске жетіп, елге олжамен оралған екен.

О бастан қазақтың иелігіне тиген дархан даланың басына қонған бақ санап, өзгеге кезін сатып, қолын жаймай, бүгінге шүкір өткен текті халықтың ешкімге алабыттен ояй, біреудің алажібін айтатын ниеті жоқ еді. Бірақ ата-бабамыз тыныштықтың тінін тіліп, бірліктің ақ туын құлатуға асыққан, жауыздықтың сойылын соғып, ашкөздікке салынғандардың ықпалынан талай зұлматты бастан өткерді. Сондай кезеңдерде ұлтарақтай жерді жаттың табанына бастырмай, басын бөйгеге тігіп, жау найзасына кеудесін тосқан, ел арасынан қол бастап шыққан небір баһадүр батырлар, жаяу жүрек жаяуыгерлер ел жадынан өшпек емес. Ал бүгін ерлік істері ұрпақ жадында тағы бір жаңғырып, елі есіне алған Ақпан батыр Жұмырұлының өзгенің алдында еңкеймеген асқақ рухы қашанда қазақпен бірге жасай бермек. Ер үшін атқа қонып, жер үшін жауын жер жастандырған жанқиярлық ерлік иелеріне қандай құрмет көрсетсек те артық өтпейді. Ол – біздің батыр бабаларымыз алдындағы парызымыз.

Нұр НАУАН

Жаман әдет жарға жығады

Бүгінде нашақорлыққа, есірткіге әуестік көбінесе жастар арасында орын алып жатады. Оған қарсы іс-шаралар өткізіліп, оның салдары мен зияны туралы бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазғанымен, жегі құрттай дендеп келе жатыр. Әрине бұл ретте үздіксіз жұмыстар да атқарылуда. Мұның барлығы бірден нәтиже бермегенмен, көптеген қылмыстың алдын алуға септігін тигізеді.



Жалпы, нашақорлықтың құрығына әркім әртүрлі себеппен түседі. Біреу өмірде ешқандай қиындық көрмегендіктен, ата-ананың қадағалауынан тыс қалғандықтан келсе, біреу басына түскен ауырталықты, отбасы тауқыметін осы жолмен жеңемін деп ойлайды. Бірақ осы жолға түскен жастардың дені көбіне алаяқтықтың құрбаны болып жатады.

Ол ең алдымен адамның жүйке жүйесіне әсер ететіндіктен, психикалық ауруға әкеп соғады. Соның салдарынан түрлі қылмысқа да барады. Сол себепті қазіргі таңда ауданда «Есірткісіз аймақ» іс-шарасы жүргізілуде. Аудан прокуратурасының бастамасымен құзырлы органдармен бірлесіп, «Есірткісіз аймақ» іс-шарасы аясында жұмыс тобы құрылып, тиісті шаралар ләгін атқаруда. Мұндағы негізгі мақсат – есірткі өнімдерінің егілуіне және таралуына жол бермеу. Сонымен бірге іс-шара аясында көмектете толмағандар арасында есірткі өнімдерін тұтынудың болдырмау мақсатында мектеп оқушыларымен кездесулер өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек аудандық полиция бөлімінің наркологиялық есебінде тұратын азаматтармен кездесулер өткізіліп, құқықтық көмек көрсету жұмыстары да жолға қойылды.

Есірткі салдарының қандай болатынын, оны қолданған адамның, есірткі бизнесімен айналысқан адамның жолы ұзаққа бармайтынын, естіп-біліп отырып, шығарғаның шырғауына түсуі ерікті түрде тандап жүрген жастар өз болашағына балта шабуға. Ал жастар нашақорлықтың шырғауына түсіп, болашаққа балта шаппау үшін әрдайым ата-ана, ұстаздары баламен тығыз байланыс орнатуы тиіс. Бұл жолда ата-аналардың, ұстаздардың және жасөспірімдердің, жастардың ортасының саулығы, дұрыстығы өте маңызды.

Қоғамды алаңдатқан нашақорлыққа қарсы шараларды, түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізіп отырудың пайдасы зор. Осындай шаралардың алдағы уақытта баланың санасында жақсылыққа бастайтын адами қасиеттердің өркен жаюына септігін тигізетініне сенеміз.

Құрметті аудан тұрғындары, есірткі бойынша жарна-маларға қызығушылық білдіріп, қылмыскерлердің ар-бауына түсіп, құлық бұзушылық жасамауларыңызды сұраймыз. Егер сіз есірткі, психотроптық заттарын егу, сату және пайдалану деректеріне куә болған жағдайда дереу Жалағаш аудандық прокуратурасының 32-4-44, 32-4-67 сөнім телефонына хабарласуыңызға болады, сондай-ақ полиция бөлімінің «102» байланыс нөміріне хабар бере аласыз.

Жалағаш аудандық прокуратурасы



Пейіште нұрын шалқысын

Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні морт сынары аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өте-ті өкінішті...

«Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейді. Кеше ғана арамызда жарқырап жүрген ұлымыз Әуелбек Аманкелдіұлынан қапыда айырылды, ұлымыздың жарқын жүзін көрмегені қырық күн өтіп жатыр, өлім түгіл өкпеге қимайтын ұлымыз жайлы енді өткен шақпен естелік айтамыз деп кім ойлаған? Әуел-бегіміздің ғұмыр дариясы мәңгілік ағысқа ауысты...

Әуелбек Аманкелдіұлы 1982 жылы 21 ақпанда Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келді. №32 орта мектептен білім алды, ұлымыз айналасына сыйлы, көпшіл еді. 2023 жылдың 26 сәуір күні өмірден озды. Жарық жалғаннан мәңгілік бақиға аттанды. Ұлымыздың ендігі жатқан жері жайлы да жарық болсын.

Қойнына алды қара жер арда ұлың, Асыл бейнең, көңілде қалды-ау үнің. Топырағың торқа болып, тыныш ұйықта. Жадымыздан өшпейсің, құлыным, Әуелбегімі! 4 маусымда ұлымыз Әуелбек Аманкелдіұлының қайтқанына 40 күн болатынын ағайын-туыс, құда-жекежатқа хабарлаймыз. Мысық би №42 үйде құран бағышталады.

Еске алушылар ата-анасы, бауырлары



Рысбай КӘРІМОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Қиын кезеңді еңсерген қайраткер

Даланың данасы аталған біздің бабаларымыздың пәлсафалық ой-өрісінен туындаған қанатты сөздері мақал-мәтел болып, уақыт өткен сайын құндылығын арттыра түсуде. Солардың ішінде «Алтынның қолда барда қадір жоқ» деген сөздердің мағынасы бүгінгі біздерге айтылған сияқты. Күнделікті таусылмайтын күйбең тірліктің көлеңкесінде аралас-қуралас болған қызметтес азаматтарды айтағанда, туыс сыйластықта болған кісілердің өзін елемей, адам болғаннан кейін оның бойындағы жақсы қасиеттеріне, қоғамға, халқына жасаған еңбегіне, өмір деректеріне уақытында мән бермей, ол адамның түз дәмі таусылып, жарық дүниеден өткеннен кейін «бір жақсы адам еді, еліне еңбегі сіңіп еді, дүрбелеңге толы қоғамның қиындығын басынан өткізіп еді» деп өзімізге тән пәндешілікпен еске аламыз.

Жарық дүниеден өтіп, «о» дүниеге кеткен пәнді қанда мақтап, төбемізге көтергенмен бұл мақтауымыз ол адамның қулығына жетіп жатыр ма, жоқ па, оны бір Құдай біледі. Сондықтан ескінің көзі, тарихымыздың күсі, алтынның сынығындай болып алдымызда кеше жүрген санаулы аға ұрпақтың өмір жолдарын көзі тірі кезінде «өзінді өзін сыйла, жат бойынан түңілісін» дегендей, неге жазбасқа, неге дәріндемеске?

Біз – ұлы кәсем айтқандай, «Мемлекетті аспазшы да басқара алады» деген қағи-даны басшылыққа алып, өмір сүрген ұрпақтың. Сондықтан аспазшыларды, пролетариатты мақтадық, ел басқару со-лардың қолында болды.

Кезі ашық, көкірегі ояу, елім деп еңі-реген бүгінгі тәуелсіз, егемен елімізді құруға басын тауға да, тасқа да ұрған, жанын құрбан еткен Алаштың асылдарын айтағанда, ортан қол ел басқарған, халқына аға болған азаматтардың аттарын атап, мадақтау сол кездің саясатына томпак келгені белгілі.

Қызыл империя халық жауларын өзінің халқының ішінен іздеп, қырып, нәубет орнатып жатқанда, сол сұрапыл заманның, жаңа қоғамның басында дүниеге келіп, «жетім қозы оттайды да маңырайды» болып ер жеткен ұлтымыздың басынан өткен тарихи кезеңдердің куәсі болған ағамыз Қалдан Қойшығұлов еді. 1924 жылы Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген Қалекен, шынын айту керек, қызметтік жағдаймен мүмкіндік болса да туған ауданынан табан аудармай, жастық жагер, күш қайраты, білімі мен өмірлік тәжірибесімен осы ауданның есіп-өркендеуіне аянбай еңбек етті. Ол кісінің өмірі «мың өліп, мың тірілген» қазақтың тарихы «ТОЗ-ға» ұйымдасқан «Қызыл кедей» серіктестігінің қоймасы бөлсенділер мен асыра сілтеушілердің әрекетімен өртенгенде алпыс үш жастағы Қойшығұл ақсақал еш нәрседен хабарсыз, ашаршылықтың азабын тартып, өзі сияқты шал-шауқандарға басшылық жасап, бала-шағаның қамы үшін «Қаншиелі» көлінде балық аулап жүргенде, жазықсыздан ұсталып, алдымен Қызылордада, кейін Шымкенттің түрмесіне жабылып, сұраусыз, тергеусіз үштіктің үкімімен КАРЛАГ-қа ай-

далып, сол жақта қайтыс болады.

Үлкен қызы оң Қалдан жеті, Қамбары емізулі күйінде тірілей жетім қалған. Ше-шемиз Фатима сол кездегі мыңдаған қазақ әйелдері сияқты ішөрге тамақ, киерге киім, баспана жоқ, әр үйдің есігін жағалап, балдарын аштан өлтірмеудің жанталасқан тауқыметін бастан көшірді.

– Ағайынның отымен кіріп, күлімен шыққан шешеміз біздер оларға халық жауының отбасы деген түсінікпен жақтадық, – деп Қалекен балалық шағын еске алып еді. – Ашаршылық жылдары Аламекектегі Әбсаттар басқарған балалар үйінде болдым, жағдай өте ауыр болды, тамақ талшы, балалар ауру, күнне екі-үш бала өліп жатты. Кейін бізді қазіргі «Қалжан ахун» мешітіне әкеліп орналастырды, осында оқыдық. Мұнда да жағдайымыз болмады. Арада шамалы уақыт өткеннен кейін Шауілдірдегі балалар үйіне жіберді. Бұл балалар үйінде әр жерде жиналған «көзбе» ересектер көп екен, тәртіп нашар, жағдайымыз қиын болды, ұрып-соғудан, таяқ жеуден көз ашпадық. Шыдай алмай Түркістанда жұмыс істейтін жамағайын Тасмағамбет Бөкеовтің үйін сағаладым. 1938 жылы ол кісі де қуғындалып, жұмысын тастады. Сол кісіге еріп, «Қызыл Ту» колхозына, қазіргі Бұқарбай батыр ауылына келдім, шешем, алап, ініммен жылап қауыштым, – деп еске алған еді аға.

Осы әңгімені естіп отырып, менің де сай сүйегім сырқырап, қандай мықты адам, өлмесем, бәрін көре бересің деген осы екен-ай деген ойға қалдым. Тағдырдың тауқыметін жастайынан көрген Қалекеннің өмірге деген құштарлығы, бойындағы қанмен қалыптасқан тектілігі оны сеніммен алға жетелеген еді. Әкесі Қойшығұл Төлебайұлы еліне беделді, сол кездің өмір тіршілігінен хабардар, көкірегі ояу, көзі ашық адам болған. Кейін қазіргі Бұқарбай батыр ауылдық округіне қарасты Аққұм, Ақсай, Асық ата, Тауланбай, Сасық, Қарай елді мекендері «Арық балық» ауылы деп аталған. Көшіп-қонып жүрген ағайындардың басын қосып, дария бойын отырықшылыққа айналдыр-тып, бақша егу, егін салу жұмыстарына басшылық жасаған. Дариядан саға алып, Бұқарбай ауылының үстінен өтіп жатқан



арықты бұдан жүз жыл бұрын ұйымдас-тырып, мұрап болып қаздырған ауыл ағасы болған Халық «Қойшығұл арығы» деп ат қойған. Кеңес дәуірі кезінде арық «Майжарма» аталып, кеңейтіліп, ұзар-тылып қазылып, елдің күнкөріс көзіне айналғанын өткен ғасырдың басында дү-ниеге келген өкем айтып отыратын.

Қойшекен елді көтеріп, дарияның ұр-ма тұсынан саға алып, арық та қаздыруды қолға алды. Арық үш жыл қазылып, Арып-ауыған халықты көтеру оңай болған жоқ. Сонда Қойшекен:

– Ағайын, су – өмірдің нәрі, арық – біз-дің келешек ұрпағымыздың нәсібесі, қы-зығын солар көреді, наным солар жейді, шындандар, ағайын, – деп халықты са-басына түсіретін.

Патша төрт үйден бір адамды соғыстағы қара жұмысқа алған жылы арықтың суы «Нұрыш табанға» құйылғанда Қойшекен балаша қуанып, ауыл той жасаған еді деп отыратын жарықтық. 1944 жылы ескер қатарына шақырылған Қалекен жеті жылдық мектепті бітіріп, «Қызыл Ту» колхозында колхозшы болып еңбек етіп жүрген еді. Сол жылы Ашхабадтағы кіші командирлер дайындайтын курсты бітіріп, лейтенант атағын алады. Ішкі әскерлер құрамасында қызмет атқарып, соғыстан қираған қалаларды тұтқындардың күшімен қалпына келтіруде басшылық жұмыста болған. 1947 жылы елге оралған Қалекен бейбіт еңбекке құлшына кірісіп, аудандық қаржы саласының есепшісінен, аудандық қаржы бөлім меңгерушісі бо-лып, ұзақ жыл жемісті еңбек етті. Осы салада Төлеген Қыстаубаев, Бейменді Баймаханов, Жалғас Құлымбаев, Мәлік Қаюлов, Әбілхан Тайшаев, аудандық құрылыс саласында Ермахан Қасымов, Коммунизм кеңсшары жұмысшылары ко-митетінің төрағасы, кезінде ауыл ша-руашылығының білгір жетекшісі, кеңшар директоры Мөрелі Шөменов, осы шаруа-шылықтың бас экономисі Тасқара Бай-

ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

Біз қоғам болып балалар шығармашылығын қалт жібермей қадағалап отыруға тиіспіз. Өйткені онда балалардың бүгінгі болмысы мен ертеңгі болашағы көрініс береді. Қолына алғаш қалам алған жас талапкер көкейіндегі барлық ойын, арман-мақсатын ақ қағаздың бетіне төгеді және олардың шығармашылығы тау суындай мөлдір, бұлтсыз аспандай ашық, жасандылықтан ада. Не жазса да, оқырманын сендіреді.

Бытыр Балалар жылына орай балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырмандарға паш еткен едік. Енді «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балақайларға арнап жазған бір топ өлеңдерін жариялап отырмыз.

Жаңа жер

Ай-жұлдызға жеткен бе ел?!
Күн де алыста от-шеңбер.
Қарыштады адамзат,
Табысады Көк пен Жер.

Алыс еді жадымы...
Босады аттан тадымы.
Ғарышқа да жол салды,
Адамзаттың ағылы.

Қуды садақ жібесі –
Ұшты ғарыш кемесі.
Ашыды аспан есігі,
Сөгілді көк көбесі.

Сәт еткізген санамы,
Сәтті болды бадамы.
Адамзаттың ең алғаш,
Айға тиіді табамы.

Ұрпағқа ерлік дардым,
Ар-намысым жандым.
Тоғтар, Талғат, Айдыңды ел,
«Қаһарман» деп танидым.

Көз жіберін алыса,
Санар шегін Марсада,
Ағалардың жолымен,
Біз де ұшамыз ғарышқа.

Тәуекел мен Ер – егіз,
Тартынамыз неге біз?!
Аралайды ғаламды,
Тауғажайын кемеміз.

Ағыл-ойы адамның –
Жетістігі заманның.
Қанығамыз ғарышқа,
Тылысымына ғаламның.

Шолпанға жол саламыз,
Күнге жадым барамыз.
Көп жұлдызды ішінен,
Бір ғаламшар табамыз.

Ауасы бар, суы бар,
Шолы, ғұмы, нуы бар.
Биік-биік тауы бар,
Мәуелеген бауы бар.

Біз сол жағға барамыз,
(бұл ел үшін әлі аңыз).
Ғаламшарда жап-жаңа,
Қоныс теуіп ғаламыз.

Бос жатпайды маң дала,
Тұрғызамыз нан дала.
«Жаңа жер» деп атаймыз,
Ғаламшарды жап-жаңа.

Қарақ ойын

Тар көшеде топтала,
Жүгіреді көп бала.
Адында жүр бәрінің,
Домаланып доп дара.

Тағд жерге тасталып,
Ойын кеткен басталып.
Футболға мытық бар бала,
Бірі допты дапты алып.

Үдеге берік-ті,
Арнайы іздеп келінгі.
Көрші ауылмен ойып жүр,
Командасы Еріктің.

Жейдесі – ақ-қара,
Өдеріне шағ дана.
Қобыланды бек – борғашы,
Қанағат тұр қағида.

Шабуылы – Жандарбек
және де бар Қамбарбек.
Ауырсынан салмағын,
Ырсыдайды Сардарбек.

Бір-біріне күш ғылып,
Доп тесе де тас тұрып.
Естіледі оңдайда,
Төреңдеп – несұрып.

Кетінгі Аусар көп терлеп,
Айдайлайды «оп бер» деп.
Шулап жатыр жанкүйер:
«Аға, Ерік! Соғ гол!» – деп.

Жанкүйерің бәрі үшін,
Жане жегіс дамы үшін.
Қорған ғалам дейді Ерік,
Команданың намысын.

Қарсыласы Муратты –
дасағана дұлатты.
Жасы кіші Аида
Түйін кетіп жылатты.

Кейде көлі болмейді ел,
Қонысқа шөкпейді ер...
Қалған кезде дағана,
Есік пенен төреңі жер.

Қарсыластан откеріп,
Допты Қанат жеткеріп.
Бар күшімен дағана,
Шыра кеп теңіті Ерік.

Қыс кеткен допты көр!
Шуылдаған топты көр!
Әжей тұрған үйдегі,
Төреңге соқты гол.

Жеңіле ме көп теңі?!
– Бізден кіле жоғ! – деді.
– Ерік күз төпкемен,
Қысың ұшты доп, – деді.

Тағы да бір жағтасы:
– Оса! – деді – бағнамсы.
(«о» боп өзгерді,
Есен-шоттың тағтасы).

– Сөзімізді бар мәні,
Жоғ тигідей жағамсы.
Төреңгі әйнегің,
Қорған дала алмады.

Қостанды оны төреші,
(Қараулығой! О несі?!)
Сөйтсек ол да Еріктің,
Болап шықты бәлесі.

Мұны далай ағтаймыз?!
Мұны далай мағтаймыз?!
Жанкүйерлер тек қана,
Әділдікті жағтаймыз.

Ең мықтылар себебі,
Өз күшіне сенеді.
Қандай ойын болмасын,
Тек әділдік жетеді.



Әсем біздің ауламыз

Ауламызда түдеттік,
Ауан түсті гүл еттік.
Қалау үшін дуарып,
Анашым жүр суарып.

Достығы бар гүлдермен,
Түрлі-түсті түрге енген.
Көбелектер тоғанды,
Гүлдерге кеп бонанды.

Әсем аула, үйіміз,
Төгіледі ән-күйіміз.
Аула іші гүлшірып,
Сұлулыққа тұр туып.



Шекарашы боламын

Шәуілдейді Борібасар,
Күшік емес ол нашар.
Тек еркелеп көбірек,
Үйренбей жүр болға сая.

Малды ауылдың «қонағы» –
Бөріні алған жоқ әлі.
Бірақ та тым сақ күшік,
Күзетеді дораны.

Мен әзірге баламын,
Ертең ер бол таламын.
Елді қорғар душпаннан,
Шекарашы боламын.

Отан жайлы жыр, әні,
Мен де осы елдің ұланы.
Шекараны қорғауға,
Ит дажет ғой ырағы.

Отаным бағ, мекен,
Боду керек сағ, бекем.
Аттанғанда әскерге,
Күшігіңді аяп кетем.

Бетті дайындаған Жандос ЖАЗКЕН

Құттықтау!



Бүгін 40 жылдан астам уақытын білім жүйесіне арнаған бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда өзіндік қолтаңбасы бар ұлағатты ұстаз, Мырзабай ахун ауылындағы №122 орта мектептің директоры Салима Мырзабекқызы зейнеткерлікке шықты. Ұлағатты ұстаз, білікті басшыға әріптестері құрмет көрсетіп, саланың серінін алуына қосқан үлесі үшін алғыс білдірдік.

Құрметті, Салима Мырзабекқызы!

Сізді зейнеткерлік жасқа жетіп отырған мерей-тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізді өмірден тоқығаны мол ұлағатты ұстаз, терең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін іскер басшы ретінде жақсы білеміз. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген бәлсенді қызметіңіз, озық ойлайтын кемел қабілетіңіз тәнті етпей қоймайды, жастарға ақылшы ұстаз, өнегесіз.

Сіз қызмет деген бір бөлестен өтіп, құрметті демалыс кезеңіне жеттіңіз. Еткен еңбектің өлеңі – кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен медет. Қуанышыңыз құтты болсын! Еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, отбасы деген Отанда ұлқыздарыңыздың ортасында балқыған бақытқа толысын! Өмір жолыңыз ұзақ болып, көрген бейнетіңіздің зейнеті 100 есе болып, денсаулық, бақыт, байлық алып келсін! Жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілейміз!

№122 орта мектеп ұжымы

Балаларға базарлық



Қуанса, бала қуансын

«Адамның бір қызығы бала деген» деп Абай атамыз айтқандай, бала – біздің басты байлығымыз. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі» деген еді.

«Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» деп Абай атамыз айтқандай, ерекше жағдайдағы балалардың өнерін ашу, өнерге деген қызығушылығын арттыру, өмірге деген күшталығын ояту мақсатында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал-актілерін тіркеу бөлімінің ұйымдастыруымен «Балалар бақытты болу үшін жаралған» атты мерекелік шара өтті.

Аталған шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысып, балаларға ізгі тілегін білдірді. Шара барысында өнерпаз өрендеріміз өн мен биден шашу шашып, өз өнерлерін ортаға салды.

Мерекелік шара мұнан әрі спорттық жарысқа ұласты. Спорттық сайысқа 34 бүлдіршін қатысып, дартс, дойбы, эстафета, қолөнер сынды спорт түрлерінен бақ сынады. Жарыс барысында балалар салған суреттер мен қолөнер бұйымдарынан арнайы көрме де ұйымдастырылды.

Спорттық шараның нәтижесінде эстафетадан I орынды Асылзат Қуанышбай, II орынды Арсен Төлеубай, III орынды Саят Кенжеқара иеленді. Дартс сайысының қорытындысы бойынша Саят Қалдан I орынды, Нұрай Максұт II орынды, Айару Рысбай II орынды қанжығасына байлады. Дойбыдан Фархат Әлдебай I орынды, Гүлім Ақылбек II орынды, Мадияр Аманкелді III орынды иеленді. Ал қолөнер сайысында Зере Мархабат I орынды, Ботакөз Бауыржан II орынды, Нұрай Әнуарбек III орынды алды.

Жеңімпаздарға арнайы дипломдар, медальдар және бағалы сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар шарада өнер көрсеткен бүлдіршіндер мен жарысқа қатысқан балалар, көрермен болып отырған балақайлар да назардан тыс қалмай, бағалы сыйлықтарды иеленді. Мұнан бөлек шара барысында балаларға фуршет ұйымдастырылып, төттілер ұсынылды.

Мерекелік шараға аудандағы ірі шаруа қожалықтардың бірі «Сөрке батыр» ЖШС мен ауданға белгілі кәсіпкерлер, кент және ауылдық округ әкімдерінің әлеуметтік мандары демеушілік білдіріп, өз үлестерін қосты. Сондай-ақ шара соңында белгілі кәсіпкер, «Батырбек» дүкенінің иесі Жеңісбек Бисенбаев балаларға бақытты шақтың бал дәмі, тегін балмұздақ таратып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 848